

Г.К.Шайжанова, А.Н.Мұқанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***«Қалмақ» этнонимінің шығу тегі мәселесі**

Бұл мақалада «қалмақ» этнонимінің шығу тегі мәселесі қарастырылады. Қалмақтарға қатысты тарихи құжаттар мен дереккөздерге талдау жасалынады. Сонымен қатар «қалмақ» этнонимінің шығу тегі мәселесі бойынша монғолтанушылардың еңбектері талқыланады. Төменгі Еділ және Каспий бойында қалмақ халқының қалыптасу үрдісі екі ғасырға созылды (XVI ғ. аяғы –XVIII ғ. ортасы). Қалмақ хандығының құрылуы қалмақ халқының өзіндік санасының дамуы мен бекуіне ықпалын жасады. «Ойрат» атауы түркітілдес көршілері берген «қалмақ» атауымен біржолата ығыстырылады.

Кілтті сөздер: этноним, қалмақ, ойрат, монғол тайпалары, монғол тілі, ойрат одағы, буддизм, этникалық топтар, түріктер, түріклер.

Қалмақтар — Сегізөзен бойын мекендеген, XIII ғасырда белгілі болған ойраттар деп аталатын ежелгі монғол тайпаларының ұрпақтары. Бұл туралы «Сокровенное сказание» атты монғолдың дерегінде көрсетілген [1]. Парсы тарихшысы Рашид-ад-дин: «Олардың тілдері монғол тілі болғанына қарамастан, басқа монғол тайпаларының тілдерінен айырмашылығы бар» деп тұжырым жасайды [2; 47]. «Бірыңғай» монғол империясының құрылуы мен өмір сүру кезеңінде ойраттар бұл империяның құрамына енген. Алайда көптеген тайпалар бұл «бірыңғай» империяда өз дербестігін сақтап қалған, солардың арасында қалмақтардың аталары ойраттар да болған.

Шыңғыс хан империясы құлдыраған кезеңде Монғолияда феодалдық ыдыраушылық орын алғаннан кейін және 1368 ж. монғолдық басқыншыларды қытайлықтар өз жерлерінен қуып шыққаннан кейінгі кезеңде шамамен XIV ғ. аяғы – XV ғ. басында ойраттардың басшысы Мөңке-Темір болады. Оның өлімінен кейін Монғолияның шалғай солтүстік-батысы, Енисейдің жоғарғы ағысы, Оңтүстік Алтай, Шыңжанның солтүстік бөлігін және Ертістің жоғарғы бөлігін алып жатқан ойрат жерлері үш мұрагер — Махмұд, Тайпин және Баға-Бодод арасында бөліске түседі. Бұған қарамастан ойрат шонжарларының рөлі күшейе түсті. Оған дәлел ретінде 1434 жылы Махмұдтың ұлы, ойраттардың басшысы Тогонның иелігінде батыс қана емес, шығыс Монғолияның енгенін келтіруге болады. Оның ізбасары, баласы Эсен (1440–1455) кезінде монғол жерлерінің ойраттар төңірегінде монғол жерлерін жинақтау аяқталып, сонымен қатар қытайлық императордың әскерлеріне қатты соққы беріп, 1449 ж. Қытай императоры Ин-Цзунді үлкен олжамен тұтқынға алады [3].

Соған қарағанда, аталмыш кезеңде ойраттардың маңында монғол тайпалары — чонос, керейіт, меркіт, таджиуд, турхаут, абға, абғанер; түркі тілдес тайпалар — шығу тегі якуттық сохадтар, Байкал бойынан ойраттар бірге көшкен таулы алтайлықтар — теленгүттер, тувиндықтар — цаатандар, шығу тегі ұйғырлықтар — тярячиндар (тарачиндар). «Ойрат» сөзі жинақтық атау болған [4; 116]. Олардың құрамына өзара туыс тайпалар цоростар, шарядтар, шарнуттар, замудтар, харнуттар, батуттар, багуттар, туктундар, хойттар және т.б. кірген [5]. Аталмыш тайпалардың ішінде басқарушы, беделді, аристократиялық және саяси тұрғыда күштісі ойраттар болған. Ойрат одағына енген барлық тайпалар ойрат деген атаумен аталды. Осындай билеуші ру немесе тайпа институты өз бастауын ертеден алады. Ғұндар 24 тайпадан тұрған. Барлығынан ұрпақтар өрбіген, өзара араласпаған. «Тугэ тайпасы ең күштісі және құрметтісі» болған [6; 49]. Сол себепті олар барлық тайпаларды басқаратын шаньюйды тағайындай алатын болған [2; 146]. Түріктерде де сол сияқты (VI–VIII ғғ.) шығыс және батыс түріктерде жоғарғы лауазым, соның ішінде қаған Ашина әулетінен шыққандар құрады. Ұйғырлардың 15 ұрпақ болған, солардың ішінде ойхор койху немесе ұйғыр қуаттылығы жағынан бірінші орынды алған [6; 307]. Рашид ад-дин: «Монғол сөзі олардың руының атауына айналған және енді бұл атау монғолдарға ұқсас халықтарға да ауысқан, себебі аталмыш сөздің басқа тайпаларға қатысты жалпылама қолдануы монғол кезеңінен бастау алады... монғолдардың күш-қуатының салдарынан бұл өңірдегі тайпалар олардың атауын иеленді, сол себепті түріктердің басым бөлігін «монғолдар» деп атап кеткен» [2; 77], — деп бекітеді. Орталық Азия халықтарында барлық этникалық топты тілдерінің және шығу тегінің ұқсастығына қарамастан, күшті тайпаға тәуелділікке түсуіне байланысты басқарушы аристократиялық ру немесе тайпаның атымен атау әдетке айналған, дегенмен де өзіндік атаулары сақталып, қолданыла берген. Б.А.Рыбаков: «Процесс создания

племенных союзов и их постепенной консолидации, сопровождающийся распадом родовой общины, — это и есть процесс складывания народности. Союз племен может получить свое имя от одного из племен, входящих в него, или же может принять новое имя, обозначающее весь данный союз и имеющее нарицательное значение. Название народности еще чаще всего восходит и к имени отдельного племени, если оно было ядром и гегемоном всего союза» [7], — деп этнонимдердің пайда болу себептерін көрсетеді. Аталмыш құбылыстың қалмақтарға да қатыстылығын байқаймыз. Сонымен «ойрат» сөзі екі жақты мағынада қолданылады: этникалық және саяси. Ойраттарға бағынышты тайпалардың одақтағы саяси жетекші және күшті ойрат атауын қабылдаған деп топшылауымызға болады. Дегенменде ойрат халқының қалыптасу үрдісі әлі аяқталмаған еді.

Эсеннің билік құрған кезеңінде экономикалық жағынан күшейген жергілікті феодалдар оның орталықтанған билігіне тегеурінді қарсылық көрсетіп отырған. Бұл күрес Эсеннің қазасымен аяқталады. Монғолия тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізген жеке иеліктерге бөлініп кетеді.

XVI ғ. аяғында ойраттар арасында басталған бірігу әрекеті біртұтас мемлекеттің құрылуына әкелмеді. Ойраттардың халықаралық жағдайы күрт нашарлап кетті, оңтүстік және оңтүстік батыстан Моғолстан, шығыстан халха-монғолдар қысым көрсетті, сонымен қатар ішкі талас-тартыстар басылмады. Бұған тағы жердің жетіспеушілігі қосылды. Мал басы санының артуы жайылымның кеңеюін және жем-шөптің мол қорын қажет етті. Қалыптасқан жағдай ойраттардың бөлігі — хошут және хойт тайпаларының Кукунор ауданына көшуіне басты себеп болды. Ойраттардың басқа бөлігі жайылымдық жер іздеп солтүстікке Ертіс өзенінің ағысын бойлай Ресейдің карамағындағы жерлерге жылжыды.

1607 ж. ресми орыс-ойрат қатынасы басталды. Сол жылдың қаңтарында Мәскеудің жарлығымен таралық қолбасшы Гагарин маңайға көшіп келген ойрат князьдарына олардың орыс азаматтығына көшуіне шақыру үшін елшілерін жіберді. 1607 ж. маусымда елшілікке жіберілгендер ойрат елшісімен бірге оралды. Орыс деректерінде ойрат елшісі өзінің ойраттардың ең мықты 50 билеушісі, олардың 45 бағыныштысы 120 мың ойрат тұрғындары атынан келгендігін және өз билеушілерінің атынан: «Воевати их не велети, и велети им быти под нашею царскою высокою рукою, и кочевати на нашей земле вверх по Иртышу к соленым озерам, а что де нам с них, с колмацких людей, имати годно коньми или верблюдь или коровами, и они де тем нам бьют челом» [8; 22], — деп жеткізілген хабарламадан үзінді келтірілген.

Гагарин елшілігінің материалдарынан белгілі болғандай, ойрат билеуші князьдарының тобын дәрбэттік Далай мен торғауыттың Дзорикту басқарды. Дзориктудың ағасы Хо-Урлюк 1604 ж. олардан бөлініп, өз ұлы Кирасанмен бірге Ертіс бастауына қоныс аударды [9; 81].

Тара қолбасшысы ойрат билеушілерінің өтінішін қанағаттандыруға келісті. Оны Мәскеу қолдап, Гагаринге ойраттарға тағы да бір елшілігін жіберуді ұсынды, енді орыс патшасы атынан сөйлеуді тапсырды: «Наше царское жаловальное слово, что мы, великий государь, их пожаловали, велели им по их челобитию кочевати вверх по Иртышу и в-ыных местах, где похотят, и держати их велели их ото всех недругов от Казацкие орды и от Нагаи от иных недругов беречи и обороняти... а ясак велели есмь имати с них лошадыми и верблюдь или иным чем, чтоб им не в нужду» [8; 22,23].

1607 ж. 21 қыркүйекте Тараға Далайдан 2-ші елшілік келеді, олар князьдардың бұрынғы өтініштерін жеткізді: «кочевать вверх по Иртышу к соляным озером и по Камышлову, и от Алтына-царя и от Казацкие орды велели их оберегати» [8; 24].

1608 жылы қаңтарда Тара қолбасшысы Мәскеуге Хо-Урлюк пен оның ұлының ұлыстарымен бірге Тара ауданына келгенін, қаладан үш күндік жерге қоныстанғанын, дәрбэт тайшасы Далайдың қолбасшыға Оми бойымен көшуге рұқсат сұрағанын, ал басқа тайшалардың Ертіс бойымен қоныс аударуын жалғастыруда екендігін жеткізді. Ойрат тайшалары бұрынғы өтініштерін қайталады: «Просят от Алтына-царя велети их оберегати, и ратных людей на него велети им давати, и город бы велети поставити на Оми реке от Тары 5 днищ, чтобы им тут кочевати было от Алтына-царя безстрашно. И будет тому городку учнет быти теснота от Алтын-царя, и они кроме того, соглашались давать ясак скотом, а собольми бы и лисиц черных пытати на них не велеть, потому что в их земли того зверя, только что съестъ» [9; 86].

Осы ақпаратты алған соң, Мәскеу үкіметі таралық қолбасшыға Далай және басқа ойрат билеушілеріне, оның ішінде Хо-Урлюкке жаңа елшілік жіберуді ұсынды, олар тайшаларды Мәскеуге, орыс патшасына өздерінің келулерін ұғындыруы керек еді. Патша оларды Алтын ханнан, ноғайлардан, қазақтар және басқа да жаулардан қорғауға кепілдік берді. Ойрат билеушілерінің келіп, орыс патшасымен келіссөз жүргізуіне Мәскеу мүдделі болды: «И будет они не поверят, и к нам,

великому государю, ехати не похотят, и вы бим для веры дали закладных дюдей, сколько человек пригож, и сами б естя им слово прямое на там дали, чтоб они ехали к нам безо всякого опасения, и ласку и привет к ним держали, и задору б им от наших дюдей ни в чем не было» [8; 25–27]. 1607 жылдың 20 қыркүйегінде Тараға Хо-Урлюктің өкілі келді, ол Орыс мемлекетімен бірге өмір сүруге дайын екендіктерін және Есіл мен Қамыстының бойымен көшуге рұқсат етуді, сонымен қатар сауда жасау үшін Тараға адамдар жіберуді сұрады. Тара қолбасшысы Хо-Урлюкке мынаны жеткізуді тапсырды: егер ол орыс азаматтығын қабылдасамаса, онда орыс жері арқылы көшіп, қонуға құқысы жоқ және ол жерден кетуі керек. Егер ол патшаға адал болуға ант берсе, онда оған орыс жері арқылы көшуге рұқсат беріледі [8; 28,29].

1609 жылы наурызда Томск қолбасшысының Мәскеуге жіберген хабарынан осыдан 6 ай бұрын Иван Белоголов бастаған Алтын хан мен Қытайға барған елшілердің тапсырманы орындамағаны белгілі болды, себебі бұл кезде Алтын хан мен ойрат билеушілері арасында соғыс жүріп жатқан еді. Алтын хан мемлекетінің басшысы мен ойрат билеушілері арасында соғыстың болғаны сенімсіздік тудырмайды: бірқатар құжаттарда халха-ойраттар арасында соғыс дүмпулерінің болғандығын дәлелдейді. Өкінішке орай, деректер осы оқиғаны егжей-тегжейлі баяндамайды. Тек соғыстың 1608 жылдың күзінде басталғандығы, ойраттардың жеңгендігі, олардың Алтын ханды қуғандығы белгілі [8; 32]. Бұл соғыстарға көптеген ойрат билеуші топ өкілдері қатысты, солардың қатарында Тара ауданына қоныстанып, дәрбэт маңына шоғырланғандар да болды. Ойраттарға қарсы соғысқа қазақ хандары мен сұлтандары қатысты. Бірақ ойрат князьдарының бірлігі ұзаққа бармады, көп ұзамай өзара күреске көшті. 1609 ж. наурызында Тарадан ойрат билеушілеріне П.Голубин бастаған елшілер жіберілді. Елшілер шілде айында Тараға оралып, қалмақ тайшаларының бірге көшіп, қонатынын және оларды Узеней тайшаның Абай атты жесірі басқаратынын, онымен бірге Кошевчей тайша қоса басқаратынын айтты [9; 91]. Орыс елшілерінің қатысуымен осы топқа кіретін билеуші князьдардың чулғаны өтті, оны Абай мен Кошевчей басқарды. Жиналғандар орыс жағының ойраттардың патшаның қол астына кіріп, адал болуға ант беру туралы, келісімге отырып, үнемі жасақ төлеп тұрулары және басшы тайшалардың Тара қаласына келуі туралы ұсыныстарын талқыға салды. Бірақ бұл ұсыныстар қабылданбады, себебі: «Ныне в Казачье орды промеж себя люди секутца» деп деректерде көрсетілген [8; 38]. Ойрат билеушілері өз тараптарынан Тара қолбасшының өзінің Ертіс бастауына келуін ұсынды, өзімен бірге саудагерлерді ала келуін сұрады. Орыс жағының Барабинск және басқа да болыстар тұрғындарына тиіспеу, ал егер арыздары болатын болса, Тара билеушілерінің қарауына әкелу туралы ұсынысына Абай былай жауап берді: «Посылатъ де о управе на тех татар к воеводам на Тару не хотят, управятца и сами» [8; 38–39].

Бұлардың бәрі ойрат феодалдарының халхалық Алтын хан мен қазақ билеушілерінен соғыста жеңіске жетуіне байланысты позицияларының бекінгенін білдіреді. Жағдайлардың өзгеруі ойрат билеушілері мен Ресей қатынасына да әсер етті. Олар енді орыс патшасынан өздерін жаудан қорғауды, қоныс аударуға рұқсат беруді өтінбейді, өздерінің адалдықтарына ант бермейді, жасақ төлемейді.

Ойрат князьдарының осы тобының ішінде болған өзгерістер де назар аударарлық, бұрын ол топты Далай басқарған, енді Узеней жесірі мен Кошевчей басқарады, Далай тіпті Голубин елшілігінің материалдарында еске де алынбайды, бұрын Хо-Урлюк жеке көшіп жүрген, енді ол басқалармен бірге орыс елшілері топқа кірген билеушілер арасындағы бірлік пен келісімшілікке назар аударды, ол қазақтарға қарсы жаңа шабуылдардың дайындығынан және жеңіске деген ұмтылыстан туындады [8; 41].

Орыс және шетел әдебиетінде бірнеше жылдар бойы ойраттардың негізгі массасынан Хо-Урлюк торғауыттарының қашан бөлініп, Еділге қоныс аударуы қашан басталғаны туралы мәліметтер талданады [10]. Габан-Шараб пен Батыр- Убаши-Тюменнің «Сказание» еңбектерін И.Я.Златкин талдай келе торғауыттардың бөлініп кету уақытын көрсетеді: «В году земли-дракона (1628 ж.) было сообщено (торғауыттар) дурбэн-ойратским нойонам об их намерении отделиться. В следующем году земли-змеи (1629 ж.) отделились» деген [9; 127]. Содан кейін «халимак» (қалмақтар) деген атқа ие болғанын, 1627 жылы Ойрат одағының ыдырағанын: қалмақтардың асығыс батысқа, хошоуттар — Тибетке, зюнгарлар (яғни чоростар) Зюнгар нутугында (яғни Жоңғарияда) қалғандығын айтады [9; 96]. Сонымен, екі автор да торғауыттардың ойрат қоғамынан бөлінуі 1627–1628 жылдарда болғандығын мәлімдейді. Габан-Шараб торғауыт нояндардың бірі болған және өзінің «Сказание» торғауыттар Еділге келгеннен кейін 100 жыл өткен соң жазған. Батыр-Убаши-Тюмен хошоут нояндарының бірі болған, олардың ата-бабалары дәрбэттермен де, чоростармен де туыстық

байланыста болған. Осының бәрі екі «Сказаниенің» авторларының хабарламаларына сеніммен қарауға негіз болады [8; 97].

Орыс деректері де Габан-Шараб пен Батыр-Убаши-Тюменнің айтқандарын дәлелдейді. 1630 жылдың сәуірінде Мәскеуде Далай тайшаның елшілері қабылданды, олар өз тайшаларының Қарақұмда көшіп жүргенін айтқан [8; 150]. Осы жылдары Далай мен Хо-Урлюк-Чохур-Мерген-Түмен тобы арасында әскери қақтығыстар болған. Мәскеуге келген Далай елшілерінің айтуынша, Чохур мен Мерген-Тюмен Далайдың жаулары болатын. Олардың арасындағы жауласу тек әскери қақтығыстар кезінде ғана емес, олар бір-біріне орыс билеушілерін қарсы қоюға тырысты, орыс елді мекендеріне жасалған шабуылдар үшін бірін-бірі кінәлады [8; 154, 172]. Далай мен Хо-Урлюк топтарының бөліну жағдайлары, жауласудың себептері туралы ештеңе білмейміз. Бірақ Габан-Шарабтың айтқандарына назар аудармасқа болмайды. Оның айтуынша, торғауыт билеушілері «дурбан-ойраттарға» (басты ойрат билеушілері) өздерінің бөлінетіндігін ескерткен, содан кейін ғана Еділге кеткен [8; 125]. Бұл факт мынаны дәлелдейді: үздіксіз қақтығыстарға, өшпенділікке, ішкі соғыстарға қарамастан, ойрат билеушілері жалпыойраттық маңызды мәселелерге келгенде өздерінің өзара байланыстарын сезінді, жеке қимылдамай, хандар мен князьдарға қарсы келмеуге ұмтылды. «Дурбан-ойраттардың» Хо-Урлюкке бөлінуіне келісім берген, бермегені белгісіз, алайда Хо-Урлюктің ұлдарымен бірге 1640 жылы жалпымонғол съезіне қатысқаны келтірілген қорытындыларды дәлелдейді [11].

XVI ғ. II жартысында орыс тарихи құжаттарында алғаш рет ойраттарға қатысты «қалмақ» сөзі кездесе бастайды. «Сібір жылнамасында» мынадай мәлімет келтірілген: «...бухарцы и калмыки, и казанские орды и иных земель с какими товары, и у них торговати повольно бесошлинно» [4; 120]. Бұл құжат 1574 ж. 30 мамырымен белгіленген. Кейінірек орыс құжаттарында қалмақ туралы хабарламалар жиі кездесе бастайды. 1591 ж. қалмақтар жөнінде көп кездеседі. Сондай мәліметтің бірі: «Утече на калмыцкий рубеж, на вершины рек Ишима и Нор-Ишима... похитил у калмыков коней многое число» [4; 126]. Бұдан байқайтынымыз, XVI ғ. 90 ж. ойраттардың көші Ертістің жоғарғы және Ом өзеніне дейін жеткен. 1605 ж. өзінде қалмақтар Тара қаласының төңірегінде көшіп-қонып жүріп Сібір тұрғындарымен байланысқа түскен. 1608–1609 жж. қалмақ елшілері Мәскеу қаласында Василий Шуйский патшаның қабылдауында болған [4; 74, 75].

Жоғарыда келтірілген деректер негізінде ойраттарға қатысты «қалмақ» терминінің орыс деректерінде XVI ғ. II жартысында орыс деректерде бекітілді деп қорытынды жасау жеткілікті. Тек басы ашылмаған мәселе бұл атау барлық ойраттарға қатысты қолданылды ма, әлде тек Ресейге бағынышты Сібір территориядағы көшіп-қонушыларға ғана ма? 1630 ж. Габан-Шарабтың дерегі бойынша, ойраттардың кейбір бөлігі Орал және Еділ бойындағы татарларды ығыстырып қоныстанған.

XVII ғ. 60-жылдарына қарай ойрат-қалмақтар түркі тілдес тайпалар қоныстанған Орал және Дон аралығын мекендеді. Олардың солтүстігіндегі көші Волгоград облысының, оңтүстігінде — Кума өзеніне дейін жетті. Аталмыш территорияда жоңғарлық ойраттардан шыққан этникалық топ — қалмақ халқы құрылды [4; 126]. Сонымен Төменгі Еділ және Алдыңғы Кавказ даласында Қалмақ хандығының өмір сүру кезеңінде (XVII ғ. 50-жж. – 1771 ж.) осы жерге қоныс аударған ойраттардан монғолдар мен буряттарға туыс, өзіндік өмір сүру салты мен территориясы, тілі бар қалмақ халқы қалыптасты.

«Қалмақ» этнонимінің шығу тегі мәселесін анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстарын көптеген ғалымдар жүргізген. Алғашқылардың бірі болып бұл мәселеге П.С.Паллас көңіл аударды. П.С.Паллас: «Элеты именно та ветвь монгольского народа, которая известна в Западной Азии и Европе под именем калмыков... оставшиеся на родине элеты получили от своих соседей татар прозвище «калмык», т.е. оставшийся позади» [12]. Бұл пікірді «қалмақ» этнонимінің өз жерлерінде қалған ойраттарға қатысты қолданылмағаны туралы дәйек жоққа шығарады. Оларды бұрынғыша дәрбэттер, торғауыттар, элеттер, жоңғарлар және т.б. атай берген. Қалмақ фольклорын зерттеуші Б.Бергманның түсініктемесі бойынша, татарлар мен монғолдар бір дінді ұстанған (яғни, шаманизм). Монғолдар буддизмді қабылдағанда, оларды қалмақтар — отступники деп атаған. Ал буддизмді қабылдамағандарды қалмақтар деп атамаған [13]. Белгілі француз монғолтанушысы А.Ремюза қалмақтар деп алға қарай кеткендерді, яғни «артта қалмағандарды», атаған деген қорытынды жасайды [14].

А.Позднеев «қалмақ» атауы татардың «қалмақ» (калмык) — бөлінгендер, қалып қойғандар (отделившийся, оставший) деп көрсетеді. Бұл атаумен Ресей империясының бір бөлігінде, Еділ мен Дон аралығындағы Қалмақ даласындағы, Алтайдағы монғолдардың батыс тармағын атайды [15].

В.В.Бартольд қалмақ сөзі *қалу* етістігінен шығады және исламға «қайтып оралған» (*донмек* етістігі) дүнгендерге қарсы пұтқа табынушылар қатарында «қалғандар», яғни, ойраттарға қатысты қолданылады деп тұжырымдайды [16; 538]. Аталмыш мәселені зерттеушілердің бірі Ц.Д.Номиханов В.В.Бартольдтың пікірін ең дұрысы деп санап: «Қалмақ» сөзі Шығыс Түркістан халықтарының арасында ислам дінінің таралуымен байланысты пайда болды және ислам дінін қабылдамаған ойрат-монғолдарды осылай атаған деген қорытынды шығарады [17]. Қ.Халид те осындай дерек келтіреді: «Шыңғыс алты шаһардан бастап Бағдад, Шам, Халаб, одан солтүстікте Орал, Дешті-Қыпшақ, Мауареннаһр, Монғолстанның солтүстік аймақтарын және Амур уялаятында тұрған татарларды өзіне қаратты. Соңынан мұның көбі мұсылман болғанда татар руының біразы өз дінінде қалып, шығысқа қарай ығысқан. Осы себепті оларға «қалмақ» аты қойылған деушілер де бар. Өйткені әдепкіде ешкім дінге зорламай еркіне қойып, ай өткен соң жиналып қалай болды дегенде: біз өз дінімізде қалмақ болдық деген. Қазақ та, қалмақ та бұл оқиғаны жақсы біледі» [18] деп, тарихи оқиғаның барысынан үзінді береді.

Жоғарыда келтірілген «қалмақ» атауының шығу тегі мәселесі бойынша тұжырымдар әлі де болса гипотеза түрінде берілген. Барлық авторлар тек «қалмақ» сөзінің аудармасын берумен ғана шектелген, бірақ әр түрлі аударарды: бірі «*қалу*» (оставаться) десе, кейбірі «*бөліну*» (отделиться). Сонымен қатар «ойраттардың шапшаң, қозғалмалы өмір сүруімен, көптеген жауларымен шайқастарда жылдам атты әскердің қозғалысымен» байланысты «хальмаг» атауы айтылады [4; 127]. Бірақ бұл халықтың этнонимді мобильді өмір сүру тәсіліне байланысты қабылдағаны туралы дәйектер жоқ. Жиірек этноним халыққа көршілері берген атаудан қалыптасады. Л.-Г.Морган: «Имя того или иного индейского народа обыкновенно узнавали не непосредственно от него самого, а от других племен, которые давали ему имя иное, чем собственное. В результате значительное число племен стало известно под именами, которые они сами не признают» деп тұжырымдайды [19]. Кейбір жағдайларда рудың немесе тайпаның атауы олардың тотемі болып табылады. Чонос, керяд және т.б. қалмақтық этнонимдердің тотемге байланысты аталуы мүмкін. Сонымен қатар ру басшысының есімі де оның ұрпақтарының атауына айналуы жағдайы да орын алады. Мысалға, кейбір зерттеушілер *өзбек* этнонимін Алтын Орда билеушісі — Өзбек хан атауынан шығарады. *Ноғайлықтардың* атауы олардың ханы Ноғайдан бастау алады.

Хальмаг атауын «хольмг» — аралас (смешанный) сөзімен байланыстыру мәселесі де ұсынылған. Бұл лингвистикалық жағынан дұрыс емес. Хольмг және хальмаг — әр түрлі сөздер, шығу тегі бойынша *хольмг* сөзіндегі «о» *хальмаг* сөзіндегі «а» әріпіне ауыса алмайды, себебі қалмақ сөзінің түбірі түркітілді *қал* — қалу, орнында қалу, соңында қалу; *-мг-* — жұрнағы түрік-монғол тілдеріне қатысты [20].

В.В.Бартольд «қалмақ» сөзі, мұсылман деректері бойынша, географиялық термин ретінде XV ғ. дейін пайда болған деген мәлімет береді [16; 538].

Мына деректі де атап өткен жөн, VIII ғ. ортасына сәйкес келетін Ұйғыр қағанының құлпытасының өзінде «қалмысы», яғни, «қалып қойғандар» деген мағынаны білдіретін сөз кездеседі [21]. «Қалмақ» және «қалмысы» сөздері мазмұны, үлгісі бойынша ұқсас, бірақ бұл терминдердің ойраттарға және қалмақтарға да еш қатысы жоқ.

«Қалмақ» атауын Төменгі Еділ мен Алдыңғы Кавказ жеріне қоныс аударған ойраттарға көршілері түркітілдес халықтар берген. Г.-Ф.Миллер «қалмақтар» (қалмыки) — татар сөзі, татарша «қалмақ» (қалмак) деп айтылады және Еділден Обьқа дейінгі аралықта өмір сүретін татарлар арасында ғана қолданылады, ал сағайлық және Краснояр, Кузнецк татарлары қалмақтарды «уйраттар», яғни ойраттар, атауын қолданған деп қорытынды жасайды [22]. Г.-Ф.Миллердің пікірі орыс мұрағат құжаттарымен дәлелденген. XVI ғ. II жартысынан бастап Ресейге бағынышты жерлердегі көшіп жүрген ойраттар өзгеріссіз қалмақтар, Жоңғария жеріндегі ойраттар жоңғарлар деген атаумен аталыны [4; 179].

Сонымен, XVI ғ. аяғы – XVII ғ. басында орыс тарихи құжаттарына енген «қалмақ» термині біртіндеп Төменгі Еділ бойында құрылған этникалық топ — қалмақ халқын құраған ойраттарға қатысты атау болып қалыптасты. Бұл бұрынғы батыс ойраттардың рулық-тайпалық бөлінуі ұмытыла бастаған кезде болды. Әрине, жаңа этноним ондаған жылдың ішінде бекітіле қойған жоқ, оның халық санасына еніп, бекуі ұзақ уақытты қажет етті. Төменгі Еділ және Каспий бойында қалмақ халқының қалыптасу үрдісі екі ғасырға созылды (XVI ғ. аяғы – XVIII ғ. ортасы).

Қалмақ хандығының құрылуы қалмақ халқының өзіндік санасының дамуы мен бекуіне ықпалын жасады. «Ойрат» атауы түркі тілдес көршілері берген «қалмақ» атауымен біржолата ығыстырылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Козин С.А. Сокровенное сказание. — М.: Наука, 1941. — 611 с.
- 2 Рашид ад-дин. Сборник летописей. — М.: Наука, 1952.
- 3 История Монгольской Народной Республики. — М.: Наука, 1967. — С. 159–161.
- 4 Эрдниев У.Э. Калмыки: ист.-этногр. очерки. — Элиста: Калм. кн. изд-во, 1980. — 284 с.
- 5 Эрдниев У.Э. Культура и быт калмыков. — Элиста: Калм. кн. изд-во, 1977. — С. 7.
- 6 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. — СПб.: Типогр. воен.-учеб. заведений, 1851. — 485 с.
- 7 Рыбаков Б.А. Древние русы. — М.: Наука, 1987. — С. 118.
- 8 Материалы по истории русско-монгольских отношений: Сб. док. — М.: Наука, 1959. — 362 с.
- 9 Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. — М.: Наука, 1864. — 482 с.
- 10 Кундакбаева Ж.Б. Вопрос о перекочевке калмыков на Волгу в XVII в. в русской истографии конца XVIII – начала XX вв. // Вестник КазНУ. — Сер. История. — 2002. — № 1. — С. 33–35.
- 11 Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII–XVIII вв.: Документы и материалы. — М.: Наука, 1989. — С. 117.
- 12 Паллас П.С. Собрание исторических известий о монгольских народах. — СПб.: Изд-во АН, 1776. — С. 56.
- 13 Султанов Т. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). — М.: Наука, 1982. — С. 97.
- 14 Смирнов П. Путевые записи по Калмыцким степям Астраханской губернии. — Элиста: Калм. кн. изд-во, 1992. — С. 245.
- 15 Бичурин Н.Я. Историческое обозрение ойратов, или калмыков, с XV в. до нашего времени. — Элиста, 1991. — С. 123.
- 16 Бартольд В.В. Сочинения. — Т. 1. — М.: Наука, 1968. — 620 с.
- 17 Илюмжинов К.Н. Калмыкия на рубеже веков. — М.: ЗелО, 1987. — С. 99–103.
- 18 Халид Қ. Тауарих хамса. (Бес тарих). — Алматы: Қазақстан, 1992. — 116-б.
- 19 Морган Л.-Г. Древнее общество. — Л.: Наука, 1934. — С. 67.
- 20 Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969. — С. 410.
- 21 Тихонов Д.И. Хозяйство и общественный строй уйгурского государства X и XIV вв. — М.: Наука, 1937. — С. 24.
- 22 Миллер Г.-Ф. История Сибири. — СПб.: Импер. акад. наук, 1750. — С. 179.

Г.К.Шайжанова, А.Н.Муканова

О происхождении этнонима «калмык»

В статье рассматривается проблема о происхождении этнонима «калмык». Анализируются основные источники и исторические документы по истории калмыцких народов, обсуждаются труды монголоведов о происхождении этнонима «калмык». Процесс формирования калмыцкого народа в степях Нижнего Поволжья и Прикаспия занял почти два столетия (конец XVI – середина XVIII в.). Возникновение Калмыцкого ханства способствовало развитию и укреплению общекалмыцкого самосознания. Название «ойраты» было полностью вытеснено этнонимом «калмыки», данным тюркскими соседями.

G.K.Shayzhanova, A.N.Mukanova

Problem of the origin of the ethnonyms «Kalmykia»

This article discusses the problem of the origin of ethnonym «kalmyk». This article examines the main sources and historical documents on the history of the kalmyk people. And we also discuss the works of Mongolian origin ethnonym «kalmyk». The process of formation of the kalmyk people in the steppes of the Lower Volga and the Caspian Sea took almost two centuries (the end of XVI–XVIII in the middle). The emergence of the Kalmyk Khanate contributed to the development and strengthening of kalmyk identity. Endoethnonym «oirats» has been completely superseded by the name «kalmyk», according to the turkic neighbors.